

"Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 18 ақпандағы № 19 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережесін басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

- осы қаулыны ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

- осы қаулыны Шыңғырлау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

- осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9 шілдедегі № 122 "Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А.Бисембаевке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Өмірәлиев

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің

2026 жылғы 18 ақпандағы № 19

қаулысына қосымша

"Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) аудан аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің ведомстволары жоқ.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Мемлекеттік мекеме құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 091200, Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Лұқпан Қылышев атындағы көшесі № 112Е.

Мемлекеттік органның мемлекеттік тілде толық атауы – "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік органның ресми тілде толық атауы – государственное учреждение "Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района Шыңғырлау Западно-Казахстанской области". Мемлекеттік органның мемлекеттік тілде атауын латын графикасында "Batys Qazaqstan oblysy Şyñğyrlau audanynyñ säulet, qala құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі жазуларымен қолдануға болады және ол мемлекеттік тілдегі атауымен барабар.

10. Осы ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік мекеме кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекеме заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің мақсаттары мен өкілеттіктері.

13. Мақсаттары:

1) аудан аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіндегі мемлекеттік нормативтерді және аудан аумағында белгіленген ретте, бекітілген қала құрылысының игерілуінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің және де басқа да жобалық құжаттардың заңнамаларға сәйкес сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізуді қамтамасыз ету;

3) қала құрылысы және құрылыс тәртібі сақталуына бақылау жүргізу, бекітілген құрылыс құжаттарына сәйкес құрылыс объектілері жобаларының іске асырылуын қадағалау, аумақтық құрылыс ережелерін сақтау.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- қолданыстағы заңнамаларға және басқа нормативтік актілерге сәйкес өз құзырына жататын мәселелер жөнінде мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардан қажетті құжаттарды сұратады және алады;

- аудандағы мемлекеттік сәулет және қала құрылысы саласына әсер ететін қаржы, несие, инвестициялық салық саясатына байланысты қабылданатын шешімдерді әзірлеуге қатысады;

- жергілікті атқарушы органдарға, мемлекеттік қала құрылысы саясатына сәйкес, елді мекендерде азаматтардың өмір сүру ортасындағы жағдайларын қорғау құқығына жолданған ұсыныстарды енгізуге;

- мердігерлермен жасалған шарттардың орындалуын қадағалайды, олардан қажетті мәліметтер беруді талап етеді;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қаралған басқа да құқықтарды жүзеге асырады.

2) міндеттері:

- аудан аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманың сақталуы;

- жергілікті деңгейде құрылыс нормаларының сақталуы;

15. Функциялары:

1) аудан аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) қала құрылысы және жаңа объектілердің құрылысын, жөндеуді қажет ететін объектілерді, сонымен қатар жылу-газ-электр-сумен қамту объектілері бойынша жұмыстарды сатып алу бойынша тендерлерді ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асырып, қолдануға енгізілген құрылыс объектілерін қабылдау және белгіленген заңнамаларға сәйкес тіркеу жұмыстарын ұйымдастырады;

3) жергілікті атқарушы органдарға объектілер мен комплекстердің орналастыру бойынша ұсыныс әзірлеу;

4) ауданның бас жоспарының жобаларына, қала құрылысының комплекстік сараптамалық қызметін ұйымдастыру және өткізу;

5) уәкілетті мемлекеттік органдар және ұйымдармен сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі аясында қатынас жасау;

6) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді ұйымдастыру;

7) жобалық құжаттардың сапасын қадағалауды ұйымдастыру және іске асыру, мемлекеттік сараптамалық жобаларды басқару;

8) қала құрылысы, сәулет-құрылыс тәртібінің сақталуын іске асыруды жүргізу және ұйымдастыру, жергілікті маңызы бар объектілердің сәулет-құрылыс бақылауын басқару;

9) елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат береді, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың және (немесе) олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарнама қызметі мәселелері бойынша өтініштерін қарайды, өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

10) тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушы қызметін жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қаралған басқа да функцияларды басқарады

3-тарау. Мемлекеттік мекеме басшысының мәртебесі, өкілеттіктері.

16. Мемлекеттік мекемені басқаруды басшы жүзеге асырады, ол мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Мемлекеттік мекеме басшысының орынбасарлары жоқ.

19. Мемлекеттік мекеме басшысының өкілеттіктері:

1) Мемлекеттік мекеменің Ережесін, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық жасайды, мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның қызметтерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

4) Мемлекеттік мекеме қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңына сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

5) еңбек заңнамасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңына сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлерін сыйақыландыру, заттық көмек көрсету және тәртіптік жаза белгілеу мәселелерін шешеді;

6) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, мемлекеттік мекеме қызметшілеріне орындауға міндетті нұсқаулар шығарады;

7) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеме мүддесін білдіреді;

8) ерлер мен әйелдердің әр түрлі құқықтары және мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдемесі туралы заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету;

9) Мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық заңнамасын сақтауға дербес жауапкершілікті алып жүреді;

10) Жер Кодексіне, еңбек, мемлекеттік қызмет, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11) Мемлекеттік мекеменің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Басшы өз қызметкерлерінің өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі.

21. Мемлекеттік мекеме заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

24. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК